

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

Ясауи университеті

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№ 1 (533) 31 қаңтар 2023 жыл

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

АПТА ЖАҢАЛЫҚТАРЫНАН

Шараға Түркі мемлекеттері ұйымы Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Бинали Йылдырым, Түрік мемлекеттері ұйымы бас хатшысының орынбасары Өмер Кожаман, университетіміздің Өкілетті Кеңес төрағасы Мухитин Шимшек және басқа да зиялы қауым өкілдері қатысты.

2 БЕТТЕ

САҒАТТАР СЫРҒИДЫ

1962 жылдың 17 шілдесінде әйгілі спелеолог Мишель Сейфорд жалғыз өзі Скарсон үңгіріне түседі. Ол тура екі айдан кейін үңгірден шығады. Оның есебінше күнтізбе бойынша 20 тауыз болуы керек еді.

3 БЕТТЕ

ЖАЛЫНДЫ ЖАС, ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ

Жастар дегеніміз кезкелген елдің болашағы. Бүгінгі жас ертенгі ел тізгінін ұстайтын ұлы тұлға. Сан ғасырларды кері шегіндірген, таңбасы таста, қаны қара жердің астында қалған аға буындардың ізбасарлары.

5 БЕТТЕ

СПАРТАКИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Білімімен ғана емес салауатты өмір салтын насихаттау жолында үлес қосып жүрген оқытушы-профессорлар мықты спортшы екендіктерін де дәлелдеп шықты. Айға жуық уақыт аралығын қамтыған спорттық доданың көрігін қыздырып, биік тұғырдан көріне білді.

8 БЕТТЕ

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРІНІҢ ШТАТТАН ТЫС КЕҢЕСШІСІ КЕЛДІ

Университетімізге ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің штаттан тыс кеңесшісі, қауымдастырылған профессор Таңсәуле Серіков арнайы ат басын бұрды.

Құрметті қонақты оқу орнымыздың басшылығы зор құрметпен қарсы алды. Кездесу барысында ректор Жанар Темірбекова университетіміздің тыныс-тіршілігімен таныстырып, білім беру жүйесі, студенттердің оқудағы және қоғамдық өмірдегі белсенділігі туралы ақпарат берді.

Бүгінгі жүздесудің ең басты тақырыбы – инклюзивті білім беру жүйесіндегі мәселелер болды. Таңсәуле Серіков ерекше қажеттілігі бар азаматтардың сапалы білім алу үшін қолайлы жағдай жасау керек екенін айтты. Сондай-ақ, Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамыту бойынша Мемлекет басшысы белгілеген міндеттерді негізге ала отырып, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ерекше қажеттіліктері бар студенттерді қолдауға бағытталған бірқатар шараларды іске асырып жатқанын атап өтті. Ол оқу орнымыздың басшылығына «Ерекше қажеттілігі бар адамдарға арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің жол картасын» таныстырды. Бағдарлама жоғары білімнің жалпыға қол жетімділігі, білім беру жүйесінің даму деңгейлері мен ерекшеліктеріне бейімделуі және білім алушыларды қоғамда табысты бейімделуге дайындауды көздейді.

Өз кезегінде, ректор өкілі Пейами Баттал

университетімізде осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтты. Әсіресе, «30 жылдыққа 30 жоба» аясында қолға алынған «Инклюзивті білім беру орталығының» маңызы зор. Бүгінде Түркістан облысының әкімдігімен бірлесе отырып, орталық салынатын орын да белгіленген. Болашақта инклюзивті жандардың өмір сүру жағдайын жақсарту, білім алуы, ғылыммен айналысуы, қоғаммен тікелей байланыс орната



алуы үшін жағдай жасалатын болады. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің штаттан тыс кеңесшісі университетімізде іске асып жатқан жобалармен таныс болып, жоғары бағасын берді. Алдағы уақытта да қоғамға пайдалы болуды көздейтін осындай ортақ жобаларды іске асыруға ниет білдірді.

ТҮРКИЯНЫҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫ ӨТТІ

Жуырда оқу ордамызда қазақстандық білімгерлерді Түркияның жоғары оқу орындарына қабылдау емтиханы (TR YOS) өтті.

Мұндай емтихан Қазақстанда, оның ішінде Түркістанда тұңғыш рет өткізілді. Бұған дейін бірнеше жылдар бойы аталған емтихан Қырғызстанның Бішкек қаласындағы Манас университетінің базасында өткізіліп келген. Барлық қазақстандық талапкерлер көрші елге барып, сынақтан өтуге мәжбүр болған. Биыл Түркия Республикасының Жоғары білім беру Кеңесі Түркияның жоғары оқу орындарына қабылдау емтиханын (TR YOS) Түркістан қаласындағы Ахмет Ясауи университетінің базасында өткізуге шешім қабылдады. Бұл – бауырлас мемлекеттің жоғары білім саласының басты органы тарапынан Түркістан қаласына, Ахмет Ясауи университетіне жасалған үлкен қолдау екені анық. Түркияның жоғары оқу орындарына түсу үшін бағын сынап көру мақсатында қаламызға Қазақстанның түкпір-түкпірінен жалпы саны 436 таңдаулы талап-

керлер келді. Олар математикалық 40 сұраққа және логикалық 40 сұраққа жауап берді. Сондай-ақ, университетіміздің ректоры Жанар Темірбекова мен ректор өкілі Пейами Баттал оқушылардың ата-аналарымен кездесіп, Түркияның жоғары оқу орындарына қабылдау емтиханы туралы және тағы да басқа сұрақтарына жауап берді. Айта кетейік, Түркия Республикасының Жоғары білім беру Кеңесінің жанындағы Стандарттау, іріктеу және орналастыру орталығы (OSYM) ұйымдастырған бұл емтиханның мақсаты – түрік елінде жоғары білім алатын шетелдік талапкерлерді қабылдау үрдісіндегі стандарттарды сақтау және ашықтық пен әділ іріктеуді жүзеге асыру. TR YOS емтиханы әлемнің ондаған елінде түрік, неміс, араб, француз, ағылшын және орыс тілдерінде өткізіледі. Емтиханнан жоғары балл алған талапкерлерге Түркияның жоғары оқу орындарына түсуге жақсы мүмкіндік туады.

Медиа және PR орталығы

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҮСТЕМДІК

ӘРІПТЕСТІК БАЙЛАНЫСТЫҢ
АЯСЫНДАҒЫ БАСҚОСУ

Ахмет Ясауи университетінде Қысқы мектеп бағдарламасы аясында «Академиялық үстемдік» апталығы ұйымдастырылды. Аталған апталықтың негізгі мақсаты – оқытушы профессорлар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің кәсіби құзыреттерін арттыру және жетілдіру. Жиынның ашылу рәсімінде университет ректоры Жанар Амангелдіқызы мен академиялық мәселелер жөніндегі вице-ректор Эльмира Қайсарбайқызы маңызды шараның жаңа бастамалар арқылы біліктілікті арттыруға негіз болатын айтып өтті.

Сондай-ақ Ректор Өкілі Пейями Баттал осындай шаралардың оқытушылар мен студенттер үшін берер пайдасы мол екендігін тілге тиек етті.

Ары қарай жиын университетіміздің ректор кеңесшісі Юнус Соилеттің арнайы баяндамасымен жалғасты. Ол «Жоғары оқу орындарындағы сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі» тақырыбында зерттеулерімен қатар, ұсыныстармен де бөлісті. Әсіресе, сапа мәселесіндегі қателіктер, оны жөндеу, сапаны арттыру туралы ой қозғады. Сонымен қатар Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшысы Ермахан Шахабаев та осы тақырып аясында университетімізде атқарылып жатқан нақты істерді баяндады. Оқу орнымызда сапа мәдениетін қалыптастыру, нормативтік негіздер бойынша жан-жақты талдау жүргізді.

Шара соңында қатысушылармен спикерлер арасында сұрақ-жауап болды. Екі тараптан да қызу пікірталас, ұсыныстар айтылды.

Апталықтың екінші күнінде Назарбаев университетінің ЖББМ Академиялық мәселелер бойынша вице-деканы, қауымдастырылған профессоры Джейсон Спаркс бастаған мамандар арнайы қонаққа келді. Атап айтқанда, ЖББМ Қауымдастырылған профессоры, ЖББМ «Оқу және оқыту» комитетінің төрағасы – Бриджид Гудман, ЖББМ Академиялық және студенттер мәселелер бойынша аға менеджері – Ақерке Аяганова келді.

Жиында ректор Жанар Темірбекова сөз бастап, келген қонақтарға өз алғысын білдірді. Бұл іс-шараның университет ұжымы үшін берері мол екеніне тоқталып өтті.

Шарада «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу: жоғары білім берудің жаһандық мәселелеріне жауаптар» және «Силлабус әзірлеу: силлабус сапасынан оқыту сапасына» оқу-әдістемелік еңбектерінің тұсаукесері болды. Қонақтар тек бұл еңбектермен шектелмей, өзгеде тақырыптағы кітаптарын ала келгендерін айтты. Ақерке Аяганова барлық еңбектердің электронды нұсқалары қолжетімді екенін атап өтті.

Джейсон Спаркс жоғары білім беру мектеп бағдарламаларын дайындау туралы тәжірибем бөлісті. Силлабус әзірлеу, сабақ жүргізу, оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру тақырыптары да қамтылды. Сондай-ақ «ЖББМ-нің жаңа МSc бағдарламасы» кейсі, «Силлабус әзірлеу фокусы» тақырыптарында баяндама жасады. Бриджид Гудман бағдарламалар мен жүйелер жасау барысындағы қиындықтар мен өзгешеліктер жайлы естеліктерін де айтты.

Университетіміздің профессор-оқытушылар құрамы шара барысында өздерін қызықтырған сауалдарға жауап алды. Екі университет арасындағы оқыту жүйесіндегі ұқсастықтар мен өзгешеліктер туралы пікір алмасты.

23-27 қаңтар аралығын қамтыған Академиялық үстемдік апталығының қатысушыларға берер білімі мен жаңа әдіс-тәсілдер жүйесі тиімді болды. Осы уақыт аралығында жиынға қатысушылардың деректермен қатар, білім беру сапасын арттыру, кәсіптік практика бағдарламасын әзірлеу, оқыту әдістері

сынды оқыту жүйесіндегі ақпараттармен танысты. Маңызды шаралар жыл бойына арналған жаңа жоспарлар, біліктілікті арттыру сияқты маңызды істерге септігін тигізетінін болады.

Апталықтың қорытынды күнінде де тренингтер өтіп, баяндамалар оқылды. Аға оқытушы Мейрамбек Түймебаев «Оқытушылардың білімге деген құштарлығын диалогтық оқыту арқылы қалыптастыру» тақырыбында тренинг өткізді. Бұл ауқымды тақырып, тек мектеп ұстаздарына ғана емес, университет оқытушылары үшін маңызды екенін баса айтты. Академиялық мәселелер вице-ректоры Эльмира Идрисова студенттерге бағытталған білім беру процесін қалыптастыру мәселелеріне кеңінен тоқталды. Академиялық үстемдік апталығының мақсаты мен әрбір қозғалған тақырыптардың маңызы жөнінде пікір білдірді. Студент пен оқытушы рөлі, оқытудың жаңа әдістерін дұрыс қолдану, тәрбие мен білім ұштасуы сынды салмақты сауалдарды қозғады.

Шара соңында оқытушылар саралы ой мен білімге толы өткен апталық үшін ризашылықтарын білдірді. Алдағы уақытта осын-



дай тақырыптарға қатысты тренинг, семинарлар өткізілуіне ықылас білдірді.

Университет ректоры Жанар ТЕМІРБЕКОВА: Бір айға созылған Қысқы мектеп бағдарламасының 3-аптасы Академиялық үстемдікке арналды. Өткен апталарда Ғылым, Халықаралық байланыстар жөнінде жүйелі жұмыстар сараланды. Министрліктің алға қойған мақсаттарының бірі университеттің негізгі миссиясы негізінде бірқатар жұмыстар жоспарға сай ұйымдастырылып отыр. XXI ғасырдың негізгі ерекшелігі заман талабына сай ақпараттық технологияны, ғылымды меңгеру. Біздің кеше үйренген әдісіміз ертең маңызсыз болып қалуы мүмкін. Сондықтан да білім-ғылым саласында күнделікті біліктілік дағдыларын жетілдіріп отыруымыз керек.

Академиялық мәселелер вице-ректоры Эльмира ИДРИСОВА: Кез-келген ЖОО-дағы ең маңызды мәселе – академиялық бағыт. Университетіміздің Өкілетті Кеңесінің мүшесі, Назарбаев университетінің академиялық мәселелері бойынша деканы Айда Қыстаубайқызының 2 монографиясы жарық көрген болатын. Біз де өз кезегінде Айда ханымды екі университет арасындағы әріптестік қарым-қатынасты нығайту, тәжірибе алмасу бағытында оқу ордамызға келіп семинар тренинг өткізуге шақырдық. Назарбаев университетінен әріптестеріміз келіп, оқу бағдарламаларын, силлабустар әзірлеу әдістерінің белсенді тәсілдерімен бөлісті. Аптаға созылған академиялық апталық аясында өзекті мәселелерді қамтыған секциялық жұмыстар жалғасын тапты. Академиялық жұмыстар апталықпен шектеліп қалмайды. Жыл бойы жалғасын табатын болады.

Жанар Бейсенбаева

АПТА ЖАҢАЛЫҚТАРЫНАН...

Киелі Түркістанымызға Америка Құрама Штаттарының Алматыдағы Бас консулдығының Білім, Мәдениет және Баспасөз жөніндегі бөлім жетекшісі Ананд Кришна, қоғамдық дипломатия жөніндегі маманы Жанна Тоқтарова, ағылшын тілі бағдарламасының координаторы Айгүл Тайтелиева, «Американдық бұрыш» бағдарламасының координаторы Тимур Сулбаев келді. Іс-сапар барысында қонақтар Ахмет Ясауи университетіне де арнайы ат басын бұрды. Мәртебелі меймандар оқу орнындағы Халықаралық байланыстар департаменті қызметкерлерімен кездесу өткізді.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті және Түркі мемлекеттері ұйымының ұйымдастыруымен «Түркі дүниесімен бірге дамыған Түркия» атты семинар өтті. Жиында екі тараптың ортақ жобасы – «Түркі дүниесінің келешек келбеті – 2040: Біріктіруші серіктестік» жобасы аясында дайындалған есептер қаралды. Шараға Түркі мемлекеттері ұйымы Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Бинали Йылдырым, Түрік мемлекеттері ұйымы бас хатшысының орынбасары Өмер Кожаман, университетіміздің Өкілетті Кеңес төрағасы Мухиттин Шимшек және басқа да зиялы қауым өкілдері қатысты. Семинардың ашылуында сөз сөйлеген проф. Мухиттин Шимшек Ахмет Ясауи университеті түрік мемлекеттері арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға үлкен үлес қосып жатқанын атап өтті.

Оқу ордамызда № 6 Сенат мәжілісі өтті. Жиынға Сенат мүшелері, құрылымдық бөлім басшылары, оқытушы-профессорлар құрамы қатысты. Жиын университетіміздің профессор-оқытушыларын марапаттау рәсімімен бастау алды. Сенат шешімімен 11 профессор-оқытушыға "Ұлағатты ұстаз" төсбелгісі табысталды. YASAWI WINTER SCHOOL қысқы мектебі аясында ұйымдастырылған апталықтарда белсене атсалысқан өзге де мамандар марапатталды. Бұдан әрі күн тәртібіндегі негізгі мәселелер бойынша баяндамалар жасалды. Олар: 2022-2023 оқу жылы аккредиттеу және постмониторинг процедураларына қатысатын білім беру бағдарламалары туралы; Кәсіптік практикаларды ұйымдастыру мен өткізу сапасы; Түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткішін жетілдіру мақсатында бекітілген Жол картасы мен іс-шаралар жоспарының орындалу есебі. Бұл мәселелерден өзге тағы да: Университет ОПҚ-ның дайындаған оқулық, оқу құралы, мен монографияларын бекіту және баспаға ұсыну; 2022-2023 оқу жылының қысқы кезеңінде оқуға қабылданған магистранттар мен докторанттардың академиялық күнтізбесін бекіту туралы сөз қозғалды.


АРТЫҚ БІЛІМ КІТАПТА, ЕРІНБЕ ОҚЫП КӨРУГЕ...

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі - білім қазынасы. Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. Әр ұлттың, елдің келешегі мен болашағын баян еткен, тарихы мен өткенін жыр еткен де - кітап болатын. Сондықтан да, «кітап әлемдегі құпиялы ұлы ғажайыптардың бірі», - дейді М.Горький. Онда біз әлі білмейтін, естіп оқымаған қыр-сыры көп. Оны тек кітаппен дос болған адам ғана құпиясын ашып, ғажабын танып біле алады. Бар білімнің патшасы болған кітаптың пайдасын біле жүріңіз :

1. Ойды дамытады. Кітап оқудың басты пайдасы – ой-өрісімізді кеңейтеді. Себебі шығарманы оқу кезінде біз басты идеяны, сюжетті түсіну үшін терең ойға түсеміз.

2. Күйзелістен арылтады. Қазіргі заман күйінде адамдардың басты мәселелерінің бірі – күйзеліс, депрессиядан құтылу. Бұл мақсатта фантастика жанрындағы кітаптарды оқу жақсы көмекші болады.

3. Сөздік қор көбейе түседі. Әртүрлі жанрдағы еңбектерді оқығанда күнделікті қолданбайтын сан түрлі сөздермен танысасыз. Егер бір



сөзді білмей жатсаңыз, сөздік ала жүгіру міндет емес. Кейде белгілі бір терминді түсіну үшін сөйлем не жалпы идеяны білу жеткілікті. Кітапты неғұрлым жиі оқысаңыз, тіл байлығыңыз соғұрлым дами түседі.

4. Альцгеймер ауруының алдын алады. Соңғы зерттеулер нәтижесі бойынша, кітап оқу ми ауруының алдын алуға көмектеседі екен. Себебі, оқу кезінде миыңыздың белсенділігі арта түседі. Ал бұл оның жағдайына жақсы әсер етеді.

5. Сенімділік ұялатады. Белгілі бір мәселе талқысында біліктілігімізді танытсақ, өзімізді сенімді, жинақы сезінеміз.

6. Шығармашылықты дамытады. Креативті адамдар бір сәтте бірнеше идея ұсына білуімен ерекшеленеді. Ал ол идеялар қалай туындайды? Әрине, оның қайнар көзі - кітап. Шығарманы оқу барысында сіз жүзеге асқан біраз идеялардың куәсі боласыз, соның арқасында жаңа біліммен сусындайсыз.

7. Ойлау мен есте сақтау қабілетін жақсартады. Оқу барысында біз кейіпкерлерді, киімін, мінезін, бет-әлпетін, қоршаған ортасын елестетеміз. Сонымен қатар оқиғаны толық түсіну үшін есте сақтауға тырысу керек. Осындай әрекет есте сақтау мен ойлау қабілетін дамытады.

8. Зейін қойып оқуды үйретеді. Шығарманың мазмұнын дұрыс түсіну үшін зейін қойып оқу керек. Бұл қабілеттің сізге кез келген жерде, қызметте пайдалы болатыны сөзсіз. Сондай-ақ кітап оқу объективті болуды, дұрыс шешім қабылдауды үйретеді.

Шаира ЖУРАХАНОВА
3-курс студенті

ТУҒАН ЖЕР

Туған жерім асыр салып ойнаған,
Сенде өткен әрбір күнім той маған.
Жер бетінде сендей ыстық жер барын
Пейіліңнен ұғындырдың ғой маған.
Сенде тудым, сенде өстім сендікпін,
Құныңды білмей, тәкаппар бола бердік тым.
Перзентіңді кешіре гөр туған жер,
Сенің ыстық мейріміңді енді ұқтым.
Перзентіңмін махаббатыңнан жаралған,
Кездеседі сағынулар сан алдан.
Мен анамнан алған ыстық жылуды,
Туған жерім, сенен де оны ала алғам.
Өстім міне, енді алысқа ұшамын,
Кешіре гөр өзге жерді құшамын.
Мен алыстап сапарлатып келгенде
Ашық тұрсын перзентіңе құшағың.
Туған жер ол – қасиетті жер Анам,
Туған жер ол - пейілі кең далам.
Туған жер ол – құдіретті, киелі
Мені қойшы болсаң болды сен аман.

Алина МУТАЛИПОВА
3-курс студенті

САҒАТТАР СЫРҒИДЫ...

Таң атады, күн батады. Зымырап өтіп жатқан уақыт. Таңертең ғана көзіңді тырнап ашып, жұмысқа келесің. Қарбалас тіршілікпен кешкі уақыттың да келіп қалғанын аңғармай да қаласың. Айналаңызда өзіңіз сияқты мұрнына су жетпей жүрген жандарды жиі кездестіресіз.

- Орыс ойшылы Алексей Федорович Лосев уақыттың тұрақсыздық қасиеті туралы айтқан екен. Оның пікірінше, уақыт тұрақсыз, біртектес емес, шартты және салыстырмалы түрде кеңейіп, тарыла алады. 1914 жылдан бастап оның тығыздалуы басталды және уақыт тезірек ағыла бастады.

- Ғалымдардың есебі бойынша, ғарыш кемесі ғарышқа жарық жылдамдығының 99,99% -ына тең жылдамдықпен ұшқанда, кеме 14 жылдан кейін планетаға қайта оралады. Жерде, осы кезеңде, бір мыңжылдық өтеді екен. Бұл объектінің жылдамдығының артуымен уақыт ағымының баяулауы орын алатындығына байланысты орын алатын көрінеді.

- 1962 жылдың 17 шілдесінде әйгілі спелеолог Мишель Сейфорд жалғыз өзі Скарасон үңгіріне түседі. Ол тура екі айдан кейін үңгірден шығады. Оның есебінше күнтізбе бойынша 20 тамыз болуы керек еді. Алайда жер бетіндегі күнтізбе 14 қыркүйекті көрсетіп тұрған. Осылайша, тәжірибешіге арналған жерасты уақыты 25 күнге баяулады. Осының өзінен жер үстіндегі уақыт тез өтіп жатқанын дәлелдеген.

- Физик Альберт Виктор Вейнник қызықты түсінік береді. Ол физикалық құбылыс ретінде материалды тасымалдаушы болуы мүмкін деген болжам жасады. Бұл «созылмалы өріс» деп аталған заттың бір түрі. Оның айтуынша, Жер қартаюда, ондағы процестердің қарқындылығы баяулайды, сондықтан уақыттың нақты ағымы үдей бастады. Алайда, планетада бұл процесс баяу жүретін аймақтар болуы мүмкін, мысалы, Сахалинде. Сонымен, аралдан басқа жерге трансплантациялауға тырысқан өсімдіктер жерсінбейді.

Ал сонымен жер үстінде тәулік 24 сағат болмай тұр ғой. Сонда қанша сағат екен, а? Адамның түйсігі алдамайды деген рас екен. Өткен ғасырдың басында-ақ уақыттың өзгеріп жатқанын ғалымдар зерттей бастапты. Бұл әрине ғалымдардың болжамы. Ал сіз қалай ойлайсыз? Шынымен де уақыт қысқарып бара ма?!

Бағдат КАМАЛ

СҰХБАТ

Студенттер беті

АУДИТОРИЯ



профессор Сейдулла САДЫҚОВ:

«БОЛАШАҚ ЖУРНАЛИСТ-ШӘКІРТ ТӘРБИЕЛЕП ЖҮРГЕН БІЗДІҢ

«Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де артық, өйткені мұғалім-мектептің жүрегі» - деп Ы.Алтынсарин айтқандай ғалым Сейдулла Садықов ағамыз шәкірттерінің жүрегіне жол таба білген қадірлі ұстаз. Ұстазын үлгі тұтқан 3-курс студенті Құмаргүл Досанханның сыр-сұхбатын назарларыңызға ұсынамыз.

— Сіз журналистика саласына келуіңізге не әсер етті? Алғаш журналистика саласына қашан қадам бастадыңыз?

—Жастайымнан журналистикаға жаным жақын болды, ондағы бірден-бір әсер еткен менің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі еді. Сегізінші, тоғызыншы сыныптан бастап қағаз шимайлайтын кеселге ұшырадым, жазсам-ай деген ойдың жетегінде жүретін едім. Аудандық «Коммунистік еңбек» газетіне мектеп, ауыл хабарларын жібере бас-тадым. Алғашқы хабарларым шыққанда төбем көкке екі елі жетпей жүрді. «Тілші бала» атандым. Мектепті бітірдім. Анам аурушаң, күн-көрісіміз мәз емес. Сенделіп жүріп, хабарландыруға көзім түсті. Онда тоғыз айлық тракторшылар курсына шақырыпты. Етік, күпәйке, форма тегін, 40 сом шәкіртақысы бар, екен. Содан осы курсқа жазылдым. Оқу қыркүйекте басталады соған дейін боспын. Шілденің шіліңгір күнінде мені аудандық «Коммунистік еңбек» газетінің тілшісі іздеп келіпті. Редактор шақыртып жатқан көрінеді. Сол күні отыз шақырымдай жердегі аудан орталығына жеттік. Редактор Кәрім Әсіпов деген үлкен кісі екен. Мән-жайыма қаныққан соң бірден қызметке қабылдады. Осылайша, 1968 жылдың 31 шілдесі күні газеттің әдеби қызметкері болдым. Оған да елу бір жылдан асып барады. Қолымнан қаламым әлі де түскен жоқ...

Осы газетте екі жылдай қызмет еттім. Бұрқыратып жаздым. Очерк, суреттеме, новелла жазуға төселе бастадым. Кеңестік армия сапында қызмет еттім. Әскер қатарында жүргенде «Оңтүстік Қазақстан» газетіне үш очеркім, публицистикалық дүниелерім, көлемді новеллам жарық көрді. Бірде редактордың орынбасары Мыңбай Ілесов деген кісіден хат алдым. Ағамыз журналистикада оқуым қажеттігін баса айтыпты. 1972 жылы ҚазМУ-дің Журналистика факультетіне оқуға түстім. Қоғамшыл, белсенді студент болдым. 1977 жылы оқуды бітіргеннен кейін кеңестік дәуірдегі тәртіп бойынша Қазақстан КП Орталық Комитеті Насихат және үгіт бөлімінің жолдамасымен Алматы облыстық «Жетісу» газетіне қалдырылып, мұнда он жылдан астам уақыт қызмет еттім. 1987 жылы өзім білім алған қара шаңыраққа аға оқытушылыққа қабылдандым. 1994 жылы қасиетті Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халқаралық қазақ-түрік университетіне шақырылып, Журналистика бөлімін ашуға басшылық жасадым.

Қарап отырсам, ұстаздық қызметіме де отыз екі жылдан асып барады екен.

Кейде жүріп өткен өмір соқпақтарын ой елегінен өткізіп отыратын сәттерің болады. Менің жасыма жеткен де бар, жетпеген де бар. Олай дейтінім, университетті қырық жеті ұл-қыз бітіріп едік, он екісі бақилық болып кетті. Жетпістің де төбесі көрініп тұр...

Ойлайсың. Өмірге адам болып келген соң ұрпақтан-ұрпаққа жалғасар абыройлы ізің бар ма? Тағы да ойлайсың. Өмір жолым жайлы сөз айтатындай қақым бар ма өзі? Досқа күлкі, дұшпанға таба болмаймын ба? Не бітірдім? Осы тақылеттес сауалдарға жауап іздеп келемін. Кей-кейде жаным жаймашуақ нұрға бөленіп, шүкіршілік ететінім, қолымды кеудеме қойып, тәубеме келетінім бар...

— Қазіргі қазақ журналистикасының халқаралық дәрежесі қаншалықты деп ойлайсыз?

— Еліміздің Тәуелсіздігі жас мемлекеттің әлемдік қауымдастықта өзінің лайықты орнын алуына, ұлт ретінде өсіп-өркендеуіне даңғыл жол ашты. Ұлттық айқындалу қазақ халқының өзін-өзі біртұтас ұлт ретінде терең сезінуіне, өзіндік тарихын байсалдылықпен ой елегінен өткізуіне маңызды қадам болды. Дегенмен де егемендіктің алғашқы жылдары нарықтық қатынастармен сипатталатын қат-қабат проблемаларды көлденең тартты. Ұлттық журналистика қаржылық тапшылықтың

қыспағында қалды, тақырыптық, жанрлық бағыттарда түбірлі өзгерістерге ұшырады. Осынау қиын-қыстау кезеңде журналист-публицисттер, саясаттанушылар, философтар, тарихшылар ұлттық ой-пікірдің ұйытқысы болды. Ұзақ жылдар бойы отарлық езгіде кіріптарлық күй кешіп, құлдық психология дендеген қазақ халқының болашағы толғаныс-тебіреністің басты нысанына айналды. Елдің алдағы бағыт-бағдары, өсіп-өркендеуінің деңгей-дәрежесі ой-пікірдің өзегі болды. Қазақ қаламгерлері мерзімді басылымдарда ұлт мүддесі тұрғысындағы терең оймен өрнектелген салиқалы да өткір материалдар жариялап жатты. Журналист-публицисттер қазақ елінің өзін-өзі билеуге деген ұмтылысына, ұлттық құлшынысына кедергі келтіруге тырысып, отарлық озбыр саясатты көксеушілермен бітіспес күрес алаңына шықты. Олардың алғы сапында



да Камал Смайылов, Шерхан Мұртаза, Мұхтар Шаханов, Әзілхан Нұршайықов, Рахманқұл Бердібаев, Әмірзақ Айтбаев, Ақселеу Сейдімбеков, Сапабек Әсіпов, Марат Қабанбаев, Қабдеш Жұмаділов, Бексұлтан Нұржекеев, Смағұл Елубаев, Нұртөре Жүсіп, Алдан Айымбетов, Михаил Есенәлиев, Амангелді Айталиев, Қуанбек Боқаев, Жүсіпбек Қорғасбеков, Мейірхан Ақдәулетұлы, Аманхан Өлім, т.б. жүрді.

Ел Тәуелсіздігі қазақ халқының идентификациялану және ұлттық бірегейлік параметрлерінің өлшеуішіне айналды. Тәуелсіз басылымдар кең қанат жая бастады, қазір ол басым бөлігін құрап отыр. Бұқаралық ақпарат құралдарының заңнамалық базасы құрылды. Мемлекет БАҚ-қа экономикалық тәуелсіздікке жол ашатын бірқатар жеңілдіктер берді. Президент жанынан БАҚ-тың мемлекеттік билік тармақтарымен арақатынасы мәселелерімен айналысатын БАҚ жөніндегі Қоғамдық кеңес құрылды. Республикада жаңа журналистиканың дербес әлеуметтік институт ретінде қалыптасуының кепілі Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» 1999 жылы қабылданған Заң, Президент Н.Назарбаевтың «Нарықтық қатынастарға өту кезеңінде бұқаралық

ақпарат құралдарын қорғау туралы» 1992 жылғы сәуірдегі Жарлығы, т.б. құжаттар болып табылады. Міне, бұлардың бәрі де журналистика институтын сапалық өзгерістерге бастайтын негіз ретінде қызмет етеді. Жасыратыны жоқ, мемлекеттік билік тармақтары БАҚ атаулыны өзіндік ой-пікірін еркін айта алатын, шындықты жайып салатын тәуелсіз күйінде емес, мемлекеттік құрылымға тәуелді, қолайсыздықтар туғызбайтын қалыпта ұстағысы келеді. Бұл өз алдына бөлек әңгіме.

Республиканың ішкі және сыртқы өмірінің қат-қабат проблемалары, ұлттық санадағы терең өзгерістер БАҚ қызметін түбірімен өзгертуді талап етеді. Журналистің жаңаша саяси ойлау машығының концепциясы ауадай қажет. Осы тұрғыдан келгенде қазір қазақ журналистикасы тоқырау кезеңінде тұр. Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығындағы айбынды да айшықты пафос бәсеңдеп қалған сыңайлы, журналист-публицисттердің ұлттық рухпен өрнектелген асқақ үндері естіле бермейді.

Қазақ журналистикасы әлі жас күйінде. Біз өзімізді Батыспен, Ресеймен салыстыра алмаймыз. Ол елдердегі классикалық журналистика адам нанғысыз жылдамдықпен дамып кеткен. Жазуда да, ақпарат беруде де өзіндік стильдері бар. Біреудің айта салған дерексіз, дәйексіз сөздерін беталды баспайды. Онда тиісті сала маманының пікірі болуы шарт. Оқырман, тыңдарман немесе көрерменнің нені қалайтынын, сұранымын біліп алмай, газет ашу, бағдарлама ашу деген оларда жоқ.

Ал бізде қалай? Бір қалталы азамат «Газет ашсам, жаздырып беретін сөзі өтімді кісілерге қолқа салсам», - деп қиялдайды да ойын іске асырады. Несін жасырайық, біз «жаздыртудың» арқасында газет шығарып келеміз. Ел оқымайтын газеттер көп. Кейбіреулер баспасөзді өш алудың құралына айналдырып алған. Басқа жерді қайдам, Оңтүстікте әр жүздің өз газеті бар дегендей құбылыстың пайда болғаны қашан. Баспасөзіміздің бет-әлпеті осылай болғанда, жаңа өзің айтқандай сен-

СТУДЕНТТІК ЖАЗБАЛАР

сация қуалап, жалған ақпарат таратып, жазықсызға жала жауып, қоғамды дүрліктіріп жүретін «журналист-тілшісімақтардың» белең алып кеткенін жақсы білеміз. Оның үстіне біздің БАҚ-мыз тым проблемашыл. Теледидарды қосып қалсаңыз, өңшең ұсталып қалған жемқор, кісі өлтіру, апатты жағдай, жынойнақ музыка, бейәдеп кино, мәнсіз күлкі, әзіл-қалжың, тағысын-тағылар.

Кейде ойлаймын: тым проблемашыл болуымыздың өзі қазақ қоғамының диагнозы белгілі дертіне байланысты болса керек. Сыбайлас жемқорлық жайламаған сала бар ма? Қаталдық болу керек, ал қатыгездік бел алған қоғамның келешегі қандай болмақ. Иманнан ажырап барамыз. Бұл мәдени, рухани жұтандыққа әкеп соғуда. Біздегі түрік балалары айтады: «Түркияда баланың тілі шыққанда ең бірінші «Аллаһ» деген сөзді үйретеді. Сосын «Мұхаммед». Бірінші сыныпқа барғанда «Мен түрікпін» деп айтқызады және күнде қайталатады. Елдің мектеп оқушылары Анкарадағы Ататүрік жатқан Ант мавзолей-мұражайында болып, ант береді». Мұндағы негізгі мақсаттары – иманнан ажырамайтын «Мен – түрікпін» идеясын бойға сіңіру болса керек. Осы түрік балалары қыздарын қызғыштай қориды. Қазаққа тигізбейді, ауспалы да, тура мағынасында да.

Біз ше, қыздарымыз тұрмақ, жетімдерімізді шетелге мыңдап сатқанымызға шімірікпейміз де. Бір сәт өзімізге өзгенің көзімен қарап, баға бере алсақ қой, шіркін. Күлеміз бе, жылаймыз ба?

— **Журналистика қызығы мен шыжығы бірге жүретін ұлы мамандық, өзіңіздің сонау жылдардан бері осы журналистика саласында басыңыздан өткен ең машақатты іс немесе ең қызықты ұмтылмас сәттеріңізді айта кетсеңіз?**

— «Жетісудағы» журналистік жылдарымды сағынышпен еске аламын. Қызметтегі ұстазым Мұғалімбай Жылқайдаров деген аға болды. Редакцияға жер-жерден арыз-шағым келетін. Жас болғандықтан болар, көбіне мені жіберетін. «Бір хаттың ізімен» айдарымен сын мақаланы көп жаздым. Материалдарым бойынша, 4-5 адамның қылмыстық іс қозғалды. «Құлқынның құлдары», «Мұныңыз қалай, бас бухгалтер?!», «Тергеушілер тәлкегі» деген сын мақалаларым есімде қалыпты...

— **Болашақ журналистер біле жүрейік, қазіргі журналистика саласының түпкі кірпішін қалаған тұңғыш қазақ журналистері жайлы айта кетсеңіз?**

— Журналистиканың түпкі тиегіне тоқталсақ, тарихқа бас имекпіз. «Жас Алаш» — жастарға арналған ең байырғы және беделді республикалық басылым. Алғашқы саны 1921 жылы 22 наурызда Ташкент қаласында жарық көрді. Ұйымдастырушысы әрі тұңғыш редакторы Ұ.Мұратбаев болған, одан басқа да бір сыпыра қоғам қайраткерлері, журналистеріміз бар. Олар: С.Садуақасов, А.Байтұрсынов, Б.Майлин, С.Сейфуллин, М.Әуезов, Ж.Аймауытовтар.

Ал енді қазақтың алғашқы журналист қыздары кімдер десек, бір ауыздан Нәзипа Құлжанованың атын атаймыз. Әрине, Нәзипа апамыз өзі бас болып, қазақтың тілші қыздарына журналистикаға апаратын жол салып берді. Ал одан кейін ше? Нәзипа апамыздың ізін басып журналистиканың

БАСҚАЛАЙ ЖОЛМЕН ЖҮРУГЕ ҚАҚЫМЫЗ ЖОҚ!»

пұшпағын илеген қазақтың қыздарының қарасы жалғасып келеді.

— **Ұстаз жарты ғасырдан бері қаламыңызды қару етіп келесіз, Өзіңіздің шығармашылықтарыңыз жайында айта кетсеңіз?**

— Бұрынырақ «Журналист жолға шықты» деген кітабым шыққан еді. Осы таяуда «Журналистика – тағдырым» атты көлемді публицистикалық мемуар-романым жарық көрді. Еңбегімді оқыған Астана, Алматыдағы зиялы ағалар жылы лебіздерін білдіріп жатыр. Өзімді-өзім дәріптеп, ұпай жинағым келмейді. Бұған адал достарым, ақ моншақ шәкірттерім куә. Болашақ журналист-шәкірт тәрбиелеп жүрген біздің басқалай жолмен жүруге қақымыз жоқ! Азаматтық арымның алдында берер антым сол, шындықты, тек қана шындықты жазу және айту!

— **Журналист мамандығы – адамдық пен адалдықтың түпкі тиегі екені баршамызға аян. Халық арасында «Журналистика – төртінші билік» деген сөз бар, осыған өз көз-қарасыңыз қалай?**

—Тоқсаныншы жылдардың басында «Жас Алаш» газетінде «Биліксіз-төртінші билік» деген көлемді мақала жарияланған болатын. Бұл өзі шындық па, әлде елес пе? Бұл қазір де ұлт журналистикасындағы өзекті мәселелердің бірі. Осы идеяны негіздеуге ұмтылған ғалымдар мен журналистер өз ойларын ортаға салып жатады. Шынайы сөз еркіндігіне тұсау салынып отырған қоғамда БАҚ-тың толық тәуелсіздікке ұмтылуы заңды. Айтып отырған «Төртінші билігіміз» заң жүзінде бекітілмеген. Бұқаралық ақпарат құралдары Заңда БАҚ-тың қоғамдағы орны бір арнаға бағытталған, журналистердің құқығына ішінара кепілдік берілген, ал міндет ауқымы көш құлаш. Онда билік өкілеттілігі жөнінде сөз жоқ. Жалпы билік мәселесін үстемдікпен шатастыруға болмайды. Баспасөзге тән қасиет – оның қалың бұқарамен тікелей және кері байланысының екіжақтылығы мен көпфункционалылығы. Біріншіден, бұқаралық ақпарат құралдары халық пен өкіметтің жоғары эшелоны арасындағы байланысты ұйымдастырушы. Екіншіден, журналистика қоғамның әлеуметтік өміріндегі өзгерістерге жедел үн қосып отырады. Айталық, баспасөз адамдар бойына адамгершілік және эстетикалық танымды қалыптастыруды басты мұрат санайды. Еркін сөздің әсер ету күші кез келген билік ықпалынан кем түспейді. Журналистің әлеуметтік әділеттілік проблемаларын шешу, тарихи шындықты қалпына келтіру жөніндегі өткір сөздері, әлеуметтік-саяси жағдайға жасаған талдауы халықтың қоғам қайшылықтарын байыппен саралауына, олардың қоғамдағы өзгерістерге көзқарастарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қалай дегенмен де журналист қаламынан туған ой-пікірдің ықпалы зор. Демократия хабарлардың санымен емес, ақпараттың теңсіздікке қарсы қажымас күреспен қамтамасыз етілуі. Журналистика беделін сапалық биік деңгейге көтеру мүмкіндігі бар. Алда тұрған ұлттық рухани жаңғыру талпаптары аясындағы ұлы міндеттерді журналистердің терең сезіне білуі аса маңызды.

Баспасөз билігі жөнінде айтқанда, тұтас қоғам, халық пен журналистер мүдделерінің қаншалықты қорғалып отырғанын естен шығармауымыз керек. Жасыратыны жоқ, ұлттық БАҚ қаржылық тоқыраудың шырғауында. Баспасөзді алар болсақ, орыс тілді басылымдармен салыстыра алмаймыз.

— **«Бұлақ та теңіз болғысы келеді» демекші, аға-буындарға, сіздерге қарап еліктеп, бой түзеп жүрген болашақ журналистерімізге қандай да бір ізгі-тілек, ақылыңызды айтасыз? Қандай үкілі үміттерді күтесіз?**

— Еліміздің ертеңі осы жастарымыздың қолында, елді ел қылатын азаматтарымыз көп болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай! Ұлы далада ұлт рухын асқақтататын, халықтың мұңын мұндап, жоғын жоқтайтын шәкірттеріміз әрдайым биіктерден көріне берсін! Әумин!

Құмаргүл ДОСАНХАН,
3-курс студенті

ЖАЛЫНДЫ ЖАС, ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты
Қырандай күшті қанатты.

Мен жастарға сенемін! - деп, Мағжан Жұмабаев атамыз айтқандай, ел болашағы білімді жастардың қолында. Сол жастарымыз кімдер? Жастар дегеніміз кез-келген елдің болашағы. Бүгінгі жас ертенгі ел тізгінін ұстайтын ұлы тұлға. Сан ғасырларды кері шегіндірген, таңбасы таста, қаны қара жердің астында қалған аға буындардың ізбасарлары. Ізгілік пен іздестікті бойына тұмар қылған, қай заманда болсын мемлекетіміздің қорғаны да қозғаушы күші де болады.

Кез-келген ел өзінің келешегін өскелең ұрпақпен байланыстырады. Алдағы уақытта Тәуелсіздігіміздің тамырын тереңдетіп әлем сахнасында желбіреген көк туымызды көкке көтереміз. Қазақстанды еңселі елдің қатарына еңгізу біз жалынды жастардың қолында. Осындай күш қайратымызды, жалындаған жас жігерімізді еңселі еліміздің дамуына арнауымыз керек. «Жаста оқыған оқуың тасқа жазылғанмен бірдей. Егде тартқанда оқыған оқуың мұзға жазылғанмен бірдей» -

деп дана халқымыз айтқандай, білім мен өнер біздің болашағымыздың жарқын кепілі.

Мемлекетімізді саялы бәйтерек

десек қазірден бастап білім нәрімен сусындап, сол саялы бәйтеректі одан әрі мәулететіндей білім жинайық. Әр азамат өз отанын жанындай сүйіп, танып, оған табынып өсуі қажет. Сонда ғана жас ұрпақ бойына патриоттық сезім ұялап келешегіміз кемелдене түспек. Ұшқанда құс боп әуеде самғайтын қанша биік самғаса да, қанаты талмайтын жалынды жас болайық.

Загира ӘБЕН
3-курс студенті



ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ



Ahmet Yesevi Üniversitesi Kış Okulu “Akademik Mükemmellik Haftası”nın İkinci Günü Tamamlandı



Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi bünyesinde düzenlenen “YESEVİ KIŞ OKULU”nda 23-27 Ocak 2023 tarihleri arasında gerçekleştirilecek “Akademik Mükemmellik Haftası”nın ikinci günü Nazarbayev Üniversitesinden davetli konuşmacıların sunumlarıyla tamamlandı. Nazarbayev Üniversitesi Akademik İşlerden Sorumlu Dekan Yardımcısı Jason Sparks, Nazarbayev Üniversitesi “Eğitim-Öğretim” Komitesi Başkanı Bridget Goodman ve Nazarbayev Üniversitesi Akademik ve Öğrenci İşleri Kıdemli Uzmanı Akerke Ayaganova tarafından “Eğitim Programlarının Geliştirilmesi: Yüksek Öğretim Küresel Sorunlarına Çözümler”, “Müfredat Geliştirme: Müfredat Kalitesinden Öğretim Kalitesine”, “Yükseköğretim ve Eğitim Programları”, “Eğitim Programının Geliştirilmesi: ‘Yeni Yükseköğretim Msc Programı’ Örneği”, “Müfredat Geliştirme Odağı” ve “Eğitim Programının Kalitesinin Sağlanması: Nazarbayev Üniversitesi Yükseköğretim Örneği” başlıklı sunumlar yapıldı.

Üniversitemiz Rektörü, Rektör Vekili, Rektör Yardımcıları, Akademisyen ve İdari Personeli ile öğrencilerinin katıldığı “Akademik Mükemmellik Haftası”, 25.01.2023’te üçüncü gününde devam edecek.

AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ MÜTEVELLİ HEYET BAŞKANI PROF. DR. MUHİTTİN ŞİMŞEK, VAKIFBANK YÖNETİM KURULU BAŞKANI SN. ABDÜLKADİR AKSU’YU ZİYARET ETTİ

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Vakıfbank Yönetim Kurulu Başkanı Sn. Abdülkadir Aksu’yu ziyaret etti. Ziyarete Üniversitenin eğitim programları ve araştırma faaliyetleri hakkında bilgi alışverişinde bulunuldu.



Türk Dünyası ile Birlikte Büyüyen Türkiye Çalıştayı Gerçekleştirildi



Ahmet Yesevi Üniversitesi ve Türk Devletleri Teşkilatı iş birliğinde düzenlenen «Türk Dünyası ile Birlikte Büyüyen Türkiye Çalıştayı», Aksakallar Konseyi Başkanı Sn. Binali Yıldırım’ın teşrifleriyle gerçekleştirildi.

Çalıştayın Açılış konuşmasını gerçekleştiren Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Türk Dünyası Liderlerinin koyduğu vizyonu misyon edindiklerini belirterek Ahmet Yesevi Üniversitesi tarafından hazırlanan raporların Türk Devletleri açısından önemini vurguladı.

Türk Devletleri Teşkilatı Genel Sekreter Yardımcısı Dr. Ömer Kocaman, Türk Dünyasının bir arada bulunmasının dünyaya karşı potansiyel etkilerinden ve Türk Devletleri Teşkilatının öneminden bahsetti.

Türk Devletleri Teşkilatı Aksakallar Konseyi Başkanı Sn. Binali Yıldırım, konuşmasında Türk Devletleri Teşkilatı üye ülkelerinde yapılan faaliyetlerden bahsederek 12 Kasım 2021’de gerçekleştirilen İstanbul Zirvesinde ortaya konan Türk Dünyası 2040 Vizyonunun önemini vurguladı.

Ahmet Yesevi Üniversitesi tarafından hazırlanan “Türk Dünyası 2040 Vizyonu Bütünleştirici Ortaklık” raporlarını tek tek tanıtarak raporların önemleri ve Türk Dünyasına sunduğu katkıları belirtti. Ortak alfabe vurgusu yapan Yıldırım, “Konsey üyelerinin ve halklarının anlaşması için kaynaşması için ortak alfabeti önemlidir. Entegrasyonun hızlı olarak sağlanması açısından, elde edilen tüm bilgilerin paylaşılması açısından ortak alfabe çok önemlidir” dedi. Türk edebiyatı tarihi için önemli olan Ali Şir Nevai’den de bahseden Yıldırım, “gençlerin tarihi ve edebi şahsiyetleri bilmeleri önemli. Bu minvalde Cengiz Aytmatov’dan da bahseden Yıldırım onun Türk ve Dünya edebiyatı için önemli olduğunu ifade etti. Yıldırım, “Türk Devletleri Teşkilatının gençleri bir araya getirme konusunda hassas olacağını ifade eden Yıldırım, bu konuda üniversite veya devlet bazında her yolu kullanarak genç kuşakların daha fazla kaynaşmasını sağlamamız lazım” dedi.

Türk Devletleri Teşkilatı Aksakallar Konseyi Başkanı Sn. Binali Yıldırım’a Türkiye ve Türk Devletlerine hizmetlerinden dolayı Ahmet Yesevi Üniversitesi 30. Yıl Madalyası takdim edildi. Yıldırım teşekkür konuşmasında “2023 Sadece Türkiye Yüzyılı değil Tüm Türk Devletlerinin Yüzyılı Olacaktır” dedi.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Sn. Binali Yıldırım’a, Ahmet Yesevi Üniversitesi tarafından projelendirilen ve 1500’den fazla akademisyenin katkısıyla 15000’den fazla maddeyi barındıran Türk Edebiyatı İsimler Sözlüğü Ansiklopedisi takdim etti.

«Türk Dünyası ile Birlikte Büyüyen Türkiye Çalıştayı» oturum konuşmaları Prof. Dr. Fırat Purtaş’ın oturum başkanlığında tamamlandı.

Başta Aksakallar Konseyi Başkanı Sn. Binali Yıldırım olmak üzere tüm katılımcılara teşekkür ederiz.

ПЕТЕРБУРГ САПАРЫ

Мәскеудің орталығындағы Мемлекеттік Третьяков мұражайында алған әсерімді хатқа түсірдім. Күнделік жазбамды аяқтап болған соң, Мұхтар екеуіміз Санкт-Петербургке жолға шықтық. Түңгі екіден он минут өткенде поездымыз қозғалды. Желтоқсанның 12 жұлдызы түскі он екі жарымда Москва вокзалына жетіп, Невский даңғылының бойымен жүріп отырып, Эрмитажға қарай бет түзедік. Аңғарғанымыз әр уақыттарда салынған үйлер мен ғимараттар өзгеріссіз, сол қалпында сақталған. Нева өзені қала ішіне тарамдалып, ағады екен. Өйткені алдымызда кездескен екі өзекеңнің үстіне салынған көпірлерді басып өттік. Күн өте салқын. Асыға соққан желдің екпіні күшті. Бір сағат шамасында Эрмитажға да келдік. Алдымыздан Романов заманындағы Европалық үлгімен киінген еркек пен әйел адам қарсы жолықты. Ішке кірмекке ниеттеніп алға ұмтылып едік, кері қайтуға мәжбүр болдық. Эрмитаж есігі жабық тұрды. Себебі, дүйсенбі күні мұнда демалыс екен. Ертең қайта келуіміз керек болғандықтан, уақытты босқа жоғалтмайық деп қала көшелерімен әрі қарай қозғалдық.

Бір кездері осы қалада менің жаным жақын болған Арыслан ағам мен Жамал апайым оқыған. Тольятти атындағы сол оқу орнына бармаққа ниеттеніп, телефонымыздағы қала сызбасының кестесіне үңілдік. Бірақ сол кездегі бірнеше оқу орындары біріктіріліп, Санкт-Петербург мемлекеттік экономикалық университеті деген атауды иеленіпті.

Ағам мен апайым оқыған оқу орнын таптық. Ішіне кірмекке ниеттеніп едік, арнайы рұқсат болмаса нәтиже болмайтынын біліп, сыртқа шықтық. Институттың сыртқы бедерін алып, естелік үшін суретке түстім. Мұнан соң, қонақ үй іздеп, әрі қарай қозғалдық. Ертерек таппасаң болмайды. Себебі орыс жерінде кешкі төрттің кезінде айналасы қараңғылық басады. Ресей жеріне келгеніме жиырма күнге жуықтаса да, күн көрмедім. Аспан түнеріп, ашылмайды. Нева өзенінің тағы бір сағасына кездестік. Осы арадан қонақ үй де таптық. Сонда жайғасып, кешкі тамақ ішпек ниетпен, асхана іздедік. Бір кафеге кірсек, өзбек ағайындардың асханасы екен. Осында палау жеп, асқанға ел қондырдық. Бұл да бір біткен іс болды.

Таңертең ерте қозғалмасқа, уақыт жеткізе алмай қалуымыз мүмкін. Басымызды жастыққа қойып, біршама уақыттан кейін ұйқыға кеттік. Есесіне ерте оянып, Таңғы асымызды ішіп алып, қала көшесін бойлап, Петроград сарайына жол тарттық. Патшаның бір кездегі қамалы қала тұрғындары мен алыс-жақыннан келген айналардың арнайы баратын, аралайтын орынына айналыпты. Бір кездері осы қамалға кіріп, орыс патшасының қабылдауы үшін, «біздің бабаларымыз кезек күтіп тұрды ма екен» деп, айналаға бағдарлай қарадық. Бір сағаттай қамал ішін аралап, Крейсер Аврораға бару үшін әрі қарай қозғалдық. Нева өзенін бойлап жағалап келеміз. Бір кезде бір бұрылыстан кемеңі көрдік. Неге екенін білмеймін, маған суық көрінді. Мүмкін сыртқы көрінісі, не болмаса аспанның түнеріп тұрғаны да әсер еткен болуы керек, көргеніме аса бір қатты қуана қоймадым. Бала кезім еріксіз ойға оралды. Аврора кемесі туралы бір ән болатын. Тік тұрып, қолымызды шекемізге қойып, зор мақтаншыпен орындаушы едік. Суретін көріп, соған мез болып, мақтанатынбыз.

Осылай жүргенімізде сағат тілі екіні көрсетті. Асыға басып, Нева өзенін енді кері жағалап, Эрмитаж қарай асықтық. Біз келгенде, адам қарасы өте көп екен. Бала күнгі қиялымдағы Эрмитаж басқа болатын. Ал, бұл Эрмитаж мүлдем басқа. Кіре берістеги кассадан орыстың бес жүз, біздің теңгеге шаққанда үш мың жеті жүз елу теңгеге билет алдық. Кірген соң, эрмитаж тарихымен таныстық.

Санкт-Петербургтегі Эрмитажды Екатерина II өз қаражатына 1764 жылы салдырыпты. «Эрмитаж» – француз тілінен «место уединения» дегенді білдіреді. Бірте-бірте бұл атау бүкіл мұражай кешеніне беріліпті. Яғни, Екатерина патшайымның бос уақытын өткізуге арнаған орыны, қазір бүкіл елдің ортақ игілігіне айналған.

Санкт-Петербургтағы Эрмитажға үш миллионға жуық өнер туындылары мен әлемдік мәдениет ескерткіштері өкелініпті. Ал, Бауыржан екеуіміз кеше барып аралаған, Мәскеудегі Третьяков галереясының басты ерекшелігі – орыс мәдениеті насихатталады.

Эрмитаждың негізгі мұражай кешені Санкт-Петербургтің тарихи орталығында орналасқан және өзара байланысты алты ғимаратты қамтиды. Қысқы сарай, Қысқы сарайдың қорық үйі, Кіші Эрмитаж, Үлкен (ескі) Эрмитаж, Жаңа Эрмитаж және Эрмитаж театры. Олардың жалпыға ортақ 365 залы бар. Сондай-ақ мұражайдың қарамағында Бас штаб, Император фарфор зауытының мұражайы, «Старая деревня» қалпына келтіру және сақтау орталығы және Меньшиков сарайы бар. Эрмитаж үй-жайларының (ғимараттарының) жалпы ауданы 233 345 м², экспозиция және көрме алаңы 100 000 м². Мұражайдың заманауи коллекциясында тас дәуірінен біздің ғасырға дейін жиналған үш миллионға жуық өнер туындылары мен әлемдік мәдениет ескерткіштері бар. Коллекцияға кескіндеме, графика, мүсін және қолданбалы өнер объектілері, археологиялық олжалар мен нумизматикалық материалдар кіреді.

Осы арада мына нәрсеге басымдық бергіміз келеді. Третьяков галереясы мен эрмитаждың құрылуына сол кездегі қалталы адамдардың

руханиятқа, мәдениет пен өнерге деген жанашырлығы әсер еткен. Жарайды Екатерина II Ресейдің императрицасы болды. Билігі мен ақшасы жетіп, бәрін жасай алды. Керісінше, Павел Михайлович Третьяковтың өнерге деген қызығушылығының арқасында, ол қалыптастырған галерея қаншама неше ғасыр өтсе де, халықтың руханиятына қызмет етіп тұр.

Бірі әлемдік мәдениеттің үлгілерін дәріптесе, екіншісі орыстың табиғатымен таныстырады. Әрине, тарих үшін біздің мұны білуіміз керек. Ұрпағымыздың да танығаны дұрыс. Осы сапарда мен мынандай ой түйдім. Оны айтпас бұрын Третьяков галереясында жүргенімізде Бауыржан ініміңіз айтқан мына әңгімесіне тоқтала кетейін:

«Абайдың әкесі Құнанбай қажылық сапарын 71 жасында өтеді деген әңгіме бар. Құнекеннің сол уақыттардағы замандасы Жанқұтты шешен Құнекеңе «... қажылық науқаны келе жатқанын, Алланың алдындағы бес парыздың бірі – қажылық міндетімізді өтеп қайтайық» деп кісі жібереді. Дәл сол уақытта тобықты еліндегі үлкен даулы мәселені шешіп жүргені кезі болғандықтан, орта жолдан қалдырып кетуді ұят санайды. Жанқұттыға хабаршысын жіберіп, «келер жылға барсақ қайтеді» деген ұсынасын жолдайды. Жанқұттының жауабы «мен күткенмен ажал шіркін күтпейді ғой» деп, өз қажылыққа атанып кетеді. Құдай аузына салды ма екен, Мекке-Мәдинеден қажылық міндетін өтеп, қайтар уақыты таяғанда Жанқұтты шешен кенеттен жан тапсырады. Бұл хабар Құнанбай атамызға да жетеді. Қатты өкінішін білдіргеннен не пайда, болар іс болғасын сабырлық жасап, тоқтамға келеді.

Қазіргідей уақыт емес. Дайын көлік жоқ. Жақын жер емес. Ол замандарда таңертең ұшып, кешке сонда қондыратын ұшақ көлігі жоқ. Қажылыққа баруды ниет қылып, бұл сапарға аттану үшін, Құнанбай бабамыз үш жыл дайындалыпты. Бұл уақыттың аралығында ішіп-жер азығы, жолға жаратар қаражаты, жалпы керек жарағының бәрін әзірлейді. Айналасындағы ел-жұрты, ағайын-туысы, құда-жестілері мен көрші-қолаңы, жалпы сөзі жетіп, құлағы естіген жанның бәрімен бақұлдасады. Шарифаттың жолында қандай да бір кемшін түскен жері болса, Алладан да, адамнан да кешіріп сұрап, Меккеге баруға ниет қылады.

Құнанбайдың қасында Аппаз бен Мырқы деген байлығы тек өз басына емес, ел-жұрттың бәрін жарылқауға жеткен жомарт кісілер болыпты. Олар Европаның ірі сауда нүктелерімен қоса, Азияны жалғаған, Батыс пен Шығыстың арасындағы Жібек жолы бойындағы керуен сапарымен сауда жүргізіп, кісінің қиялы жетпеген байлыққа иелік етеді. Міне, солардың айтуымен Түркістан өңіріне жолға шығады. Арыстанбабқа түнеп, Асауиге барып Алладан тілек тілейді. Сол өңірдің абыз ақсақалдары, данагөй қарттары, ғұлама ғалымдар, ірі дін өкілдерімен кездесіп, сұхбат құрады. Сонда бір ақсақал тұрып, Құнекеңе ризалығын білдіреді. Ендігі кезекте Ақмешітке барып, Қалжан ахунның да кеңесіне құлақ туруін қалап, жол көрсетеді. Жиналғандармен қош айтысады. Әбден жаратылған қос арғымаққа телінген пәусекедегі құс жастығына жантайып, Сыр еліне бет бұрады.

Құнанбайдың жанында көбінесе Башқұрт, Қазаннан білім алып келген адамдар болыпты. Ал, Түркістан одан әрі, Ақмешітке қарай жүрсеңіз Бұхарада оқыған, ілім мен ғылымның тұңғығына қаныққан, ойы терең, пайымы зор, ғылым мен дінді бойларына бірдей сіңірген, даналықты ту еткен тұлғалар ғұмыр көшкен. Соның бірі, бірі емес-ау бірегейі, біз сөз ететін – Қалжан ахун.

Сонымен ақсақалдың мұнысын мақұл алып, дұрыс көрген Құнанбай қасындағы серіктерімен Ақмешітке бармаққа атбасын бұрады. Жас ғұламаның таңнан таңға жалғаған сөздерін тыңдайды. Шарифаттың тұңғығына қанығып, жадына түйеді. Тек шарифат емес, адамның әлі күнге ілімі жете қоймаған жаратылыс ғылымының сырларына қанығады. Қандай құлға қойса да іркілмей жауап берген, ахунның болмысына риза болып, көңілі толады. Кетерменге жақындап, жолға аттанар кез таяғанда Құнанбай қолын жайып, Қалжан ахунға «мені Меккеге барсын, ажалы жетіп, денесі сонда қалсын» деп бата беруін сұрап, мойын бұрады. Бұған дейін қойылған сұрақтың ешқайсысына тақалмай жауап беріп отырған жас ғұлама іркіліп қалады. Себебі шарифатта өлімге бата сұралмайды. Мұны аңғарған Қалжан ахунның ағасы, жұлып алғандай: «Ердің тілеуі болса қалсын, елдің тілеуі болса келсін» деп, Аллаху ақпар айтып, бетін сипайды. Тығырықтан жол тауып, інісін құтқарады. Құнанбай атамыз Қалжан ахунның ағасынан ұтымты жауап алып, риза болып, еліне аттанады. Сөйтсек, бұл – Қалжан ахунның зор біліміне сүйсінген Құнанбайдың, оны тағыда сынау үшін, «енді не істер екенсің» деп әдейілеп қойған сұрағы екен ғой.

Жолаушыларды жолға ұзатып жіберген соң, Қалжан ахун ағасына ризалығын білдіреді. Тапқырлығына, ағалық қамқорлығына басын иеді. Әр намазы мен батасын бастағанда, «Жаратушыдан сізге тілек тілеймін» деп, інілік ілтипатын танытады.

Жоғарыда айтылған, Құнанбай атамыздың қажылыққа баратыны туралы жолсапарына қатысты айтылған әңгіменің астарына үңілсек, үлгі аларлық, мол ғиыратты аңғаруға болады.

Сонымен, Құнанбай атамыз дүниелік істерден

тазарып, керісінше Аллаға қарай мойын бұрмаққа, рухани іспен айналысу ниетімен, жолға шығады. Се-мейге одан Шыңғыстау арқылы Қарқаралыға жетеді. Қара теңізге иек артып, кемеге мінеді. Алты айшылық жолды артта қалдырып, уақытысынан кешігіңкіреп Меккеге де жетеді. Қонақ үйге жайғасайын десе, орын жоқ. Меккенің басшыларына жолығып өзінің қазақ елінен келгенін айтқанда, ондай елдің бар-жоғында білмейтіндігін естейді. Қажылық міндетін өтегенімен, еліне соншалық қапалы көңілмен оралады. Арқаны жайлаған қалың қазақты танымағаны жанына қатты батады. Мұны естіген Мырқы: «Бұл Алла тағаланың бізге беріп тұрған сынағы шығар. Ендеше, Құнеке барлық шығынды мен көтеремін. Қазақты Меккеге танытқыңыз келсе, араб тілімен айтқанда тақия, қонақ үй салыңыз. Пұлы менен, күші сізден» деп қолқа салады. «Онда жарайды, қонақ үйді бітірген соң, сенің есіміңді жазып кетемін» деген Құнанбайдың сөзіне, соншалық осы іске көңілі ауған Мырқы: «Жоқ, Құнанбай. Малы менікі болғанымен, жаны сенікі. Малға қазақ ешқашан атау берген емес, барлық күш-қайратын жұмсап жатқан, Сіздің еңбегіңіздің қасында менің әрекетім түкке де тұрмайды. Сондықтан «сен иесің» деп ризалығы мен қазаққа ғана тән сақылдықты танытыпты. Өз атын тарихта қалдыруға Мырқыға үлкен мүмкіндік туса да, елдің ертеңін бір басынан жоғары қойды. Осының өзінен-ақ, сол уақыттағы қазақ байларының пейілін аңғарамыз. Сол замандағы қазақ байларының дүние қуып байлық жинамай, ақылдылық пен көрегенділік танытып, таразы басын тең ұстаған, тектілігі мен безқалдығына сүйсінесіз.

Бала күнінде Құнанбайдың Кеңгірбай биден қалай бата алғандығы жөніндегі әңгімеге де құлақ түріңіз. Зере әжеміз баласы Құнанбайды шамамен он төрт, он беске келгенде қасына ертіп, Кеңгірбай бидің батасын алуға ертіп барады. Бірінші жолы батасын бермейді. Келесі келгенде тағы кері қайтарады. Үшінші келісінде Зере әжеміз Кеңгірбай бидің бәйбішесі Көкіге жылап, мұңын шағады. Бәйбішесінің сөзін тыңдаған би ата: «Жарайды. Сыртқа шығып қарашы, екшім көрінбей ме екен?,- деген де, «жоқ, ешкім көрінбейді» деген жауап алған соң, болмады ғой «тоғыз ата толғанша, түңлігінді ешкім ашпасын» деп бір қолын оң, бір қолын теріс қойып батасын береді. Олар кеткен соң, «әлгілердің артына қара, сосын маған не болғанын айт дегенде, «баласының артынан екі ит пе, жоқ бөрі ме бір нәрсе еріп барады» дейді. Мұны естіген Кеңгірбай би өз балаларына ренжіп, менің төрт арла-ның бар еді. Енді соның екеуі тоғыз атадан асқанша Құнанбайдың ұрпағымен қалатын болды» деп бүк түсіпті. Үйіне «атамыз дұрыс бата бермеді» деп ренжіп келген, Зере келінінің сөзін естіген Өскенбай керісінше қуанып, той жасапты.

Құнанбайдан туған Абай болмысы арқылы қазақты әлем таныды. Егер Кеңгірбайдың болжамын негізге алсақ, Құнанбай ұрпағы әлі тоғыз атадан асқан жоқ. Ендеше, қазақтың жарқын болашағы алда екендігіне күдіктен гөрі, сенім басым.

Абайдың анасы Ұлжан анамыз, орта жүз, оның ішінде қаракесектен тарайтын, шаншар руының қызы. Абай ер жетіп, сөз ұстар деңгейге келгесін, нағашыларына сәлем бермекке бел буады. Мұны естіген әкесі Құнанбай, мақұл көреді. Бірақ қаракесектің жатып атар, сөзге шешен, ойы ұшқыр ел екендігін, өзіл мен қағытпаға келгенде алдына жан салмайтындығын айтады. Өрі сілген сөзі мен әрбір істеген ісіне ықтият болуын тапсырады.

Нағашы жұртында жүрген бала Абай Тұрымтай нағашысының «екінті» намазын тез-тез оқып, бітіре салғанын тілге тиек етеді. Құрандағы сүрелерлі қате айтып, шалақ қайырғаны көңіліне қонбайды. Шыдай алмай нағашысына шарифатта көрсетілген тәртіпті бұзғанын айтады. Намаздың да төте тартатын жолдары бар екен-ау деп мысқылдайды. Нағашысы жауап ретінде, «Ия балам, сұрауыңның орны бар. Біз ұстанатын имам ағзамның жолы кең. Ұсақ-түйек қателіктеріміз кешіріле береді. Бірақ аттың жалы, түйенің қомы, садақтың оғы секілді қатал, қатты емес деп көзін сығырайта, көкесін күлкімен жауап қайтарады.

Үйіне келгесін әкесіне айтады. Әкесі: «Е, балам сөзден сүрінген екенсің. «Аттың жалы» дегені – Кеңгірбай бабаңның Еңілік-Кебекті атқа сүйретіп, өлтірткен билігі, «түйенің қомы» дегені – Құнанбай өзінің өкімі арқылы Қодар мен келінін түйеге төндеп асылдырғаны, «ал садақтың оғы» деп өкіне айтқаны – Қалқаман мен Мамырды садақпен тартқан Көкенайдың қаталдығы. Нағашының айтқан үш сөзі бүкіл тобықтың басылған таңба деп, басын төмен ұстап, бармағын тисепті».

Шындап келетін болсақ, мәдениеттің де, өнердің де, жомарттық қасиеттің де, шешендіктің де ең ғажап көрінісі және басқа да толып жатқан тәрбиенің ғажайып үлгісі өз халқымызда жетеді. Мүмкіндік болса бәрін көрген, білген дұрыс. Басқалардың жақсысын үйреніп, жаманынан жиренесек нұр үстіне нұр болар еді. Ең бастысы, ұлттық құндылығымыздан үйренетін, алатын сабағымыз бен көңілге түйер дәрісіміз толып жатыр.

Данияров Талғат ӘБУБӘКІРҰЛЫ
П.ғ.к., профессор
Халықаралық «Болашақ» стипендиясының иегері

СПОРТ

СПАРТАКИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Бүгін университетімізде Қысқы мектеп аясында ұйымдастырылған университет оқытушылары мен қызметкерлері арасындағы факультетаралық спартакиада өз мәресіне жетті. Білімімен ғана емес салауатты өмір салтын насихаттау жолында үлес қосып жүрген оқытушы-профессорлар мықты спортшы екендіктерін де дәлелдеп шықты. Үш аптаға жуық уақыт аралығын қамтыған спорттық доданың көрігін қыздырып, биік тұғырдан көріне білді.

Дәстүрлі спорт бәсекесі биыл Қожа Ахмет Ясауидің 930 жылдығына арналды.

Спорттық сайыстың мақсаты – ұстаздарымыздың арасында салауатты өмір салтын кеңінен насихаттау және спорт түрлері бойынша университет құрама командасын жасақтау. 20 күнге созылған спорттық шарада командалар 8 спорт түрінен, атап айтқанда, кіші футбол, волейбол (қыздар, ерлер), баскетбол

(ерлер), үстел теннисі, тоғызқұмалақ, шахмат, арқан тарту жарыстарында өзара мықтыны анықтады.

Спартакиада ерлер арасындағы арқан тарту жарысымен аяқталды. Бұдан әрі спорттық шараның ресми марапаттау рәсімі өтті. Оған оқу орнымыздың ректор өкілі Пейями Баттал және Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры Асқар Тұрғанбаев қатысты.

Жалпы жарыс қорытындысы бойынша Ректорат құрамасы тұғырдың ең биігінен көрініп, ауыспалы кубокті иеленді. II орынды Стоматология факультетінің құрама командасы жеңіп алды. Ал III орын Ахмет Ясауи колледжінің ұжымына бұйырды. Сондай-ақ, марапаттау рәсімінде үздік ойыншылар мен жетекшілер де елеусіз қалмады. Оларға арнайы алғыс хат пен сый-сияпат тарту етілді.



Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru

Медиа және PR орталығы

Тілшілер:
Журналистика кафедрасының студенттеріФото маманы:
Нақып ШЫНТЕМІРОВ

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.